

Маңғыстау облысы білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің

«№20 Мұхтар Әуезов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-сі

№1 Хаттама

Ақтау қаласы

Өткізілген күні: 25.09.2025 ж

Қатысқандар:

- Мектеп директоры: А.А.Такабаев
- Мектеп әкімшілігі
- Ардагер ұстаз Шопанқызы Мәнет

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- Мектепшілік ата-ана комитетінің төрайымы мен мүшелерін сайлау;
- «Адал азамат» біртұтас бағдарламасын таныстыру
- «DosBolaiyk» бағдарламасы буллинг, кибербуллингтің алдын алу және болдырмау.
- Мектеп формасын сақтау және оқушы әдебі;
- Ұялы телефонды пайдалану тәртібі;
- Кәмлетке толмағандар арасындағы топтық төбелестер, қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Такабаев Асылбек Алтынгалиевич – ата – аналар комитеті – мектеп пен ата – ана арасындағы алтын көпір. Биылдан бастап комитет жұмысы трансформацияланып, ата – аналар тек көмекші емес, мектеп өмірінің белсенді бастамашысына айналады. Бұл баланың жан – жақты дамуына ықпал етіп, мектеп өміріне ата – аналарды шынайы серіктес ретінде тартудың тәсілі.

Комитет мүшелері мектептің тәрбиелік іс – шараларына ат салысып, маңызды мәселелерді бірге талқылайды: балалардың қауіпсіздігі, сынып ішіндегі ахуал, мектеп формасының сақталуы, тамақтану, экскурсиялар мен мерекелік шаралар. Ата – аналар комитеті жыл бойы сынып жетекшісімен тығыз байланыста болып, ата – аналар атынан ұсыныстар айтып, бірлесе жұмыс атқарады деп сенеміз.

Жаңа оқу жылында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектебімізде Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығы өз жұмысын жалғастырады. Бұл орталық ата – аналар мен мектеп бала тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелерді бірге шешуге бағытталған. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ата – ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты күшейту мақсатында осы оқу жылында тәрбиелік бағыттағы іс – шаралар өткізу жоспарланып отыр.

Күн тәртібіндегі келесі мәселелер бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құттыбай Гүлнар Ибрайқызы сөз алды. Ол өз сөзінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны мен маңызын жан-жақты түсіндірді. Бағдарламаның басты мақсаты – жас ұрпақты ұлттық құндылықтар рухында тәрбиелеу, олардың бойына адалдық, әділдік, еңбекқорлық, жауапкершілік, патриотизм және жасампаздық сияқты асыл қасиеттерді дарыту екендігі атап өтілді.

Бағдарламада әр айға сәйкес құндылықтар айқындалып, оларды жүзеге асырудың нақты жолдары белгіленгені айтылды. Мәселен, қыркүйек айы – еңбекқорлық пен кәсіби біліктілікке, қазан – тәуелсіздік пен отаншылдыққа, қараша – әділдік пен жауапкершілікке, желтоқсан – бірлік пен ынтымаққа, қаңтар – заң мен тәртіпке, ақпан – жасампаздық пен жаңашылдыққа, ал көктем және жаз айлары осы бағыттағы іс-шараларды жүйелі түрде жалғастыруға арналған.

Сонымен қатар, күнделікті және апталық дәстүрлі жұмыстарға ерекше тоқталды: «Менің Қазақстаным» атты әнұран айту, «Апта дәйексөздері», «Қауіпсіздік сабағы», «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Өнегелі 15 минут» сынды тәрбиелік шаралар білім алушылардың бойында ұлттық сана мен рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға ықпал ететіні баса айтылды.

Жоба аясында іске асырылатын «Қамқор», «Еңбегі адал – жас өрен», «Smart Bala», «Шабыт», «Ұшқыр ой алаңы», «Балалар кітапханасы» сияқты әлеуметтік жобалардың мазмұны таныстырылып, олардың әрқайсысы оқушыларды қоғамға қызмет етуге, табиғатты қорғауға, еңбекті бағалауға, шығармашылыққа, жаңашылдыққа және кітап оқуға ынталандыруға бағытталғаны атап өтілді.

Жиналыс барысында ата-аналармен, педагогтермен және қоғам өкілдерімен ынтымақтастық орнатудың маңыздылығы ерекше көрсетілді. Отбасы – тәрбиенің алғашқы ұясы, мектеп – негізгі ортасы, қоғам – қолдаушы күші екені айтыла отырып, осы үштағанның бірлесе жұмыс істеуі жас ұрпақтың кемел азамат болып қалыптасуына жол ашатыны жеткізілді.

Тәрбие жөніндегі орынбасар сөзінде оқушылардың тәрбиесіне байланысты бірқатар маңызды мәселелерге тоқталды. Алдымен «**DosBolaiyk**» бағдарламасы таныстырылды. Бағдарлама аясында буллинг пен кибербуллингтің алдын алу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілетіні, мектеп ұжымының басты міндеті – әрбір балаға қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру екендігі атап өтілді. Оқушыларды бір-біріне құрметпен қарауға, достық қарым-қатынасты нығайтуға, сондай-ақ әлеуметтік желілерді дұрыс пайдалануға баулу жұмыстары ерекше назарда болатыны түсіндірілді. Бұл

бағытта сынып сағаттары, тренингтер, пікірталастар ұйымдастыру жоспарланғаны айтылды.

Келесі мәселе – **мектеп формасын сақтау және оқушы әдебі**. Мектеп формасы – тәртіп пен ұйымшылдықтың көрсеткіші, оқушының мектепке деген жауапкершілігін білдіретін маңызды белгі екені айтылды. Әр оқушы форманы сақтап, өзін-өзі ұстау әдебін жетілдіруі тиіс. Сынып пен мектеп ішінде сыпайылық, үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық таныту – тәрбиелі оқушының басты қасиеті екендігі баса айтылды.

Үшінші мәселе ретінде **ұялы телефонды пайдалану тәртібі** қаралды. Қазіргі таңда гаджеттердің артық қолданылуы оқушылардың сабақ үлгеріміне, денсаулығына кері әсерін тигізетіні түсіндірілді. Осыған байланысты сабақ кезінде ұялы телефонды пайдаланбау, тек мұғалімнің рұқсатымен оқу мақсатына қолдану ережелері нақты көрсетіліп, ата-аналарға да түсіндіру жұмыстары жүргізілетіні айтылды.

Сонымен қатар, **кәмелетке толмағандар арасындағы топтық төбелестер мен құқық бұзушылықтардың алдын алу** мәселесі де қаралды. Мұндай жағымсыз әрекеттердің болдырмау үшін оқушыларға құқықтық білім беру, заң алдындағы жауапкершілікті түсіндіру, алдын алу шараларын жүргізу міндеті қойылды. Полиция қызметкерлерімен, психологтармен, қоғамдық ұйымдармен бірлескен жұмыстар ұйымдастырудың маңызы ерекше екені атап өтілді. Әрбір ата-ана өз баласының бос уақытын тиімді өткізуіне, үйдегі тәртібіне назар аударуы қажет екендігі ескертілді.

Ұсыныстар:

- Мектептің атауына сай Мұхтар Әуезовтың шығармаларынан немесе «Абай жолы» эпопеясынан байқау өткізілсе
- 7-8 сынып қыздарына арнап жеке бас гигиенасына қатысты дәріс сабақтар жүргізілсе
- Ұялы телефонды бірінші сабаққа келгенде оқушылардан жинап алынса
- 10—11 сыныптарға арнап ҰБТ пәндеріне қосымша сабақтар ашылса, соған кабинеттер тауып қамтамасыз етсеңіз
- Біріңғай мектеп формасын көшсе
- **Осы мәселелерді ескере келіп шешім шығарады:**
- Мектепшілік ата-ана комитетінің төрайымы мен мүшелері ашық дауыс беру арқылы сайланып, бекітілсін.

Ата – аналар комитетінің төрағасы: Кузенова Жанар

Мүшелері:

- Хайруллақызы Динара
- Жарықбайқызы Әлия
- Шопанқызы Мәнет
- Жайлаубаев Рахат
- Адилбекова Аяулым
- Қарымсақов Нұрым
- Байманова Тілектес
- Хамзаева Жұлдыз

- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы мектеп өміріне енгізіліп, айлық тақырыптарға сәйкес сынып сағаттары мен тәрбиелік іс-шаралар жүйелі түрде өткізілсін.
- «DosBolaıyк» бағдарламасы аясында буллинг пен кибербуллингтің алдын алу жұмыстары күшейтілсін, оқушыларға арналған тренингтер, әңгімелер мен түсіндіру шаралары тұрақты жүргізілсін.
- Барлық оқушылар бірыңғай мектеп формасын сақтауға міндеттелсін, оқушы әдебін жетілдіру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілсін.
- Ұялы телефонды пайдалану тәртібі қатаң сақталып, сабақ барысында қолдануға тыйым салынсын. Сабақ басталар алдында телефонды жинап алу тәжірибесі енгізілсін.
- Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен топтық төбелестердің алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізіліп, полиция, психологтар және қоғамдық ұйымдармен бірлескен шаралар ұйымдастырылсын.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



А.А.Такабаев

Ж.Ә.Әділбек